

2020 жылға арналған мектепкедейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 28 ақпандағы № 465 қаулысы . Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2020 жылғы 5 наурызда № 4140 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңдарына сәйкес, Ақтау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес, Ақтау қаласы бойынша 2020 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес, Өмірзақ ауылы бойынша 2020 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

3. "Ақтау қалалық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі (С.Тулбаева) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Г. Алдашеваға жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Ғ. Ниязов

Ақтау қаласы әкімдігінің

2020 жылғы 28 ақпаны

№ 465 қаулысына 1 қосымша

Ақтау қаласы бойынша 2020 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

Мектепке	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны (жеке меншік, мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар)	Мектепке дейінгі ұйымдарда бір тәрбиеленушіге бір айда жұмсалатын шығындардың орташа құны (жеке меншік, мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар), теңге	Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-ананың бір айдағы төлемақы мөлшері (жеке меншік, мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар), теңге

дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарындағы топтар	Бала бақша	Мектеп жанындағы толық күн болатын шағын-орталықтар	Толық күн болатын мектепке дейінгі шағын-орталықтар	Бала бақша	Мектеп жанындағы толық күн болатын шағын-орталықтар	Толық күн болатын мектепке дейінгі шағын-орталықтар	Бала бақша	Мектеп жанындағы толық күн болатын шағын-орталықтар	Толық күн болатын мектепке дейінгі шағын-орталықтар
1-ден 3-ке дейінгі топтар	1352	-	-	28350	-	-	13981	-	-
4-тен 5-ке дейінгі топтар	951	-	-	28350	-	-	13981	-	-
6-дан 7-ге дейінгі топтар	170	-	-	28350	-	-	13981	-	-
8-ден 9-ға дейінгі топтар	1330	-	-	28350	-	-	13981	-	-
10-нан және одан да артық топтар	12138	-	-	28350	-	-	13981	-	-

Ақтау қаласы әкімдігінің
2020 жылғы 28 ақпаны
№ 465 қаулысына 2 қосымша

Өмірзақ ауылы бойынша 2020 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарындағы топтар	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны (жеке меншік, мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар)		Мектепке дейінгі ұйымдарда бір тәрбиеленушіге бір айда жұмсалатын шығындардың орташа құны (жеке меншік, мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар), теңге		Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-ананың бір айдағы төлемақы мөлшері (жеке меншік, мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар), теңге	
	Бала бақша	Толық күн болатын мектепке дейінгі шағын-орталықтар	Бала бақша	Толық күн болатын мектепке дейінгі шағын-орталықтар	Бала бақша	Толық күн болатын мектепке дейінгі шағын-орталықтар
1-ден 3-ке дейінгі топтар	-	250	-	31 010	-	13 981
4-тен 5-ке дейінгі топтар	200	-	3 1010	-	13 981	-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК